


Жұлдыз

Ф.Онғарсынова
ӨЛЕҢДЕР

Д.Досжан
ӘБІШ АЛЛЕЯСЫ

З.Тілеужанұлы
АЛМАТЫНЫҢ ТҮНГІ
АСПАНЫ

12
2014



ТҮСІМДЕ КӨРГЕН КІТАП немесе ТҰҒЫР ТУЫНДЫ

ЖҰЛДЫЗДАЙ ЖАРҚЫРАҒАН ЖАУҺАРЛАР

...Әңгімеміздің алтын арқауы «Ақ бантик» болғандықтан, қалайша олардың авторлары турасында сөз қозғамайсың. Ерғали Ахметов төңірегінде біршама толғадық. Ендігі лепесіміз Қарауылбек Қазиев хақында.

Домбыраның ішегіндей қашанда қатар шертілер достар жайындағы сырымыз жартыкеш қалпында қалмасын. Ендеше, құлақ түргейсіз, сүйікті менің оқырманым. Там-тұмдап болсын, Қарауылбек жөнінде, оның шығармашылық лабораториясынан хабардар етейін. Бұлай деуімнің себебі бар. Өйткені, өз басым аты-жөніне әбден қанық Қарауылбек көкеммен бірде-бір рет кездесіп, жүзбе-жүз тілдескен емеспін. Есесіне ол туралы жиі естіп, көп оқыдым. «Жаны жайсаң, көңілі дархан, адамдығы асқақ» іспетті жағымды тіркестер ұдайы алдымнан қарсы алатын. Мерей марқайтар бағалардың бәрін көгендеп тізбей-ақ, тонның ішкі бауындай араласқан серіктерін сөйлеткім келеді.

Студенттік жылдары қара нанды бөліп жеген жан досы Ерғали әңгімесін, әрдайым «Қайран, Қарауылбек» деп сабақтайтын. Жете мән бермеуші ек. Әйтпесе, сазды сағыныш пен жүрек сыздатар мұңы басым осынау екі ауыз сөздің сыры терең-ақ екен ғой.

– Шынын айту керек, әуелде ештеңені зерделей түсінбедік. Албырт жастықтың буымен бұла күн кештік. Қазір өткенге ой көзімен қарасам, бәріне де таңғалам, – деген болатын Ерекең. – Қарауылбек екеуміздің жолымызды құдай түйістірген. Ол Жамбыл облысының Шу өңірінен. Екеуміз бір жылдың төліміз. Ол 1939 жылдың көктемінде, мен қысында дүниеге келіппін. Тау қойнауындағы туып-өскен ауылы «Кербұлақ» аталады. Жәркент жеріндегі менің ыстық мекенім «Басши» де «Кербұлақ» деген аймаққа жатады. Ал аузынан тастамай, шығармаларында жазатын Қарабұлақ атты өзен бізде де бар. Екеуміздің де балалық шағымыз соғыс жылдарына дөп келгендіктен көрген қиыншылық пен тартқан азабымыз да ұқсас. Арқа сүйер шешеміздің қолтығында ержеттік. Бір жатақханада, бір бөлмеде тұрдық дегендей, ең алғашқы әңгімеміз де бір тақырыппен жарияланды. Мұның бәрі құр әшейін емес, тағдырдың тылсым жазуы...

Соғыстың кесірінен жастай жесір қалып, жалғыз ұлын жетектеп жүріп жеткізген асыл анасына немере сүйгізіп, жанын рахатқа бөледі. Жұбайы Вера үлкен отбасындағы төрт-бес қыздың бірі екен. Көп жылдар басшылық жұмыста болған әкелері кенет қайтыс болып, шешелерінен де ерте айырылып, өмірдің ащы-тұщысын көріп өскен ақылды, салмақты жан еді. Енесін өз анасындай күткен аяулы келін болды. Төртінші курста ғой деймін, бір жолы каникул кезінде екі досым (Әлдіханды айтам) қоярда-қоймай шақырып мені өз ауылдарына алып кеткендері бар. Сонда мен Ермек

Жалғасы. Басы өткен санда.

апайдың берекелі дастарқанынан ас ішіп, бір аптадай қонақ болып, өз үйімдегідей рахаттанып жатқанмын. Сонда байқағаным, Қарауылбек анасына еркелеп, әзілдеп отырады. Неге екенін білмедім, ол анасын «Ереке» деп атымен атайтын. Бір-біріне қалжыңдары жарасып тұратын.

Сонда ана мен баланың арасындағы осы бір нәзік жарасымдықтың әсерінен болар, мен Қарауылбекке өз басымнан өткен бір оқиғаны айтып бердім. «...Соғыс кезі. Үш-төрт жаста болуым керек. Анамыз таң бозынан колхоз жұмысына кетеді, өзімнен үлкен он жасар бауырым да жұмыста. Күні бойы үйде сопиып отырып, көрші балалармен көшеде ойнаймыз. Кешкісін үздігіп, қарным шұрқырайды. Аштық адамды ақыл-есінен айырып, топастандырып жіберетін сияқты. Бірде шешем үйге кірісімен: «қарным ашты, нан тауып бер» деп қиғылықты салып, жыладым. Анам жалынып, жұбатқанына қарамай долданып, жер тепкілеп «нан, нан, нан!» деп жылай бердім. Жаны қысылған шешем қосыла жылады. Ақыры көршілерден бе, туыстардан ба бір жапырақ нан сұрап әкеліп беріп, мені ерең тыныштандырды».

«Қандай ұқсастық! Дәл осындай жағдай менің де басымнан өткен. Соғыс қой, соғыстың лаңы ғой бәрі...» – деп досым қабағы тұнжырап, едәуір әсерленіп қалды.

Кейінірек Қарауылбек «Менің шешем» атты адам жанын баурайтын шағын ғана әңгіме жазды. Жүрек шымырлатады...

Біз университет бітіріп, жан-жаққа кетсек те қол үзгеміз жоқ. Бір-бірімізге не оқып, не жазып жүргенімізді хабарлап, ой бөлісіп, хат алысып тұрдық. Ол маған өзі жаңадан жазып бітірген «Бәйшешекті жыл» атты әңгімесінің бір данасын салып жіберіпті. Оны оқып отырып, досымның қаламгерлік шеберлігінің әлдеқайда шыңдалып, ширығып, өсіп, жетіле түскеніне сүйсіндім. Үнемі ізденіс үстіндегі, үйрену жолындағы тынымсыз еңбегінің нәтижесі «менмұңдалап» тұрды.

Бұл әңгіме маған өзім оқыған небір мақтаулы жазушылардың үздік деген туындыларымен үзеңгі қағыстыратындай көрінген. Мектептің шамшырақ оқушысы Асылтасқа ғашық болған бозбаланың оның құрмет тақтасындағы суретін ұрлап алмақ болып басының бәлеге қалуы, өзіне қонымды, бойына шақ костюм алып киіп, қыздың көзіне түскісі келетін тәтті арманы, қан базарға барып «қызу сауда жүргізгендегі» аңқаулығы – бәрі де өмірдің өзіндегідей әрі қарапайым, әрі нанымды еді. Құрылымында бір мысқал артық-кемі жоқ, бас-аяғы жұп-жұмыр, нағыз зергердің шебер қолынан шыққан асыл бұйымындай көркем туынды. Сол көктемдегі бүкіл даланы, ауыл іргесіне дейін бір-бірімен қол ұстасып, бірін-бірі жетелеп келіп, ұйыған сүттей болып тұнып тұрған бәйшешек гүлдерінің суреті, еркін тыныстап, бусанып жатқан құмдауыт алқаптың көрінісі ше?! Жан толқытады...

Ал әңгіменің аяқталуы қалай әсерлі. Аңқылдаған ақ пейілімен базардан сыйлық алып келгенде қыздың басқа жігітпен оңаша отырғанын көріп, екеуінің көңілі жақын екендігін білгендегі көзіне жас толып, тысқа атып шыққанда далада тұнып тұрған бәйшешектердің шымқай ақ гүлдері төгіліп түскендей болып, балқып-еріп, қозғалақтап кетеді ғой... Жақсы әңгіме.

Иә, Ерғали айтпақшы, әуелгі жылдар Қарауылбектің барынша өндіріп жазған кезеңі болды. «Олар екеу, мен жалғыз», «Біз абитуриент едік», «Үркер», «Иманжапырақ» тәрізді әңгіме-повестері жарық көрді. Төрт-бес жыл сайын бір кітабын шығарды. Қандай дүние жазса да ол асықпай, ойланып-толғанып барып қолға алатын, сапалы жазуға тырысатын. Кейіпкерлерінің бәрі дерлік жан-дүниелері жалын атқан, өмірге ғашық, тіршілікке құмар, тұмса табиғатпен тамырлас, арманшыл бозбалалар мен бойжеткендер, жігерлі жастар болып келетін.

Оның қай шығармасын алып қарасаң да өн бойынан тұнып тұрған сыршыл сезімге толы лирикалық сарын үзілмей, алтын арқаудай тартылады да отырады. Бұл Қарауылбек қолтаңбасының басты бір ерекшелігі, әрбір қаламгердің маңдайына жазыла бермейтін, қолынан келе бермейтін өзіндік қымбат қасиеті.

Қарауылбектің адамгершілік қасиеттері мен азаматтық болмысы жайында да шертілер сыр-сұхбаттарды тыңдай бергің келеді-ау. Тіпті, оның кісілік келбеті де көпшіліктен басқалау, ерекшеленіп тұратын. Көңіліне ұнаған адаммен тез танысып, табысып кететін. Қонағын құдайындай сыйлайтын нағыз қазақтың өзі. Оның жомарттығы, қонақжайлылығы туралы аңызға бергісіз әңгімелер әлі күнге дейін

шертіледі. Мәселен, Алматыдан Шымкентке барған ақын-жазушылардың көбін ол үйіне шақырып қонақ етпей жібермейтін. Ең құрыса жанына Верасын ертіп алып, қонақүйге барып дастарқан жайып немесе мейрамханада күтіп, риза-хош қылып аттандыруды тамаша әдетке айналдырыпты.

Осындай жаны да жомарт, қолы да жомарт, жігіттің төресі, жайсаң жан Қарауылбек 1984 жылдың жазында, 45 жасында аяқ асты о дүниелік болып кете барды. Ауырған да, сырқаған да жоқ, өмірдің қайнаған ортасында жарқылдап жүрген жан кенеттен бақилық болды.

Жарық дүниеден осылайша жұлдыздай жарқырап өткен Қарауылбек өз оқырмандарына тамаша туындыларын мұра етіп қалдырды. 1968 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген тұңғыш жинағын әйгілі әңгімесі «Ақ бантиктің» атымен шығарды. Қаламын суытпаған сыршыл суреткер араға екі-үш жылдан салып «Иманжапырақ», «Утренняя роса» (орыс тілінде), «Үркер», «Кемпірқосақ» кітаптарын ұсынды. Шетінен өшпейтін, көмескіленбейтін кіл жауһарлар.

Бұлайша бүгежектемей, кесіп сөйлеуімнің өзіндік сыры бар. Жетпісінші жылдардың басында мемлекеттік «Баспаком» мен «Жалын» баспасының дәстүрлі республикалық жабық конкурсында Қарауылбектің «Иманжапырақ» повесі бас бәйгені жеңіп алды. Осы жағымды жаңалықты шығармашылық ұжымға жеткізген редакторымыз Сейдахмет аға Бердіқұловтың сөзі күні кешегідей есімде.

– Жігіттер, бүгін «Жалынның» жұлдегерлері анықталды. Жюридің соңғы отырысынан келген бетім. Бірінші орын «Иманжапырақ» повесі үшін жазушы Қарауылбек Қазиевке берілді. Шығармасы өте жақсы, нағыз маржан. Рахаттанып оқыған едім, жоғары ұпай бергем. Әркім-әркімге ұқсатып ем. Жасырын конвертті ашқанда бір-ақ білдік. Облыста тұратын қаламгер. Тамаша жазушы. Өздерің білесіңдер, «Ақ бантиктің» авторы ғой. Айтпақшы, оның «Олар екеу, мен жалғыз» әңгімесі де біздің «Ленжаста» шықты емес пе.

– Жақсы жазады, – деді Сейдағанның сөзін бөлген Сейітқазы Досымов.

– Иә. Қарауылбектің «Иманжапырағы» бас бәйгеге әбден лайықты, – деді Оралхан Бөкеев әріптесін іліп әкетіп. – Сәке, жалпы, әділ қазылар мүшесі ретінде байқағаным, биылғы жұлде алған дүниелердің бәрі де тәуір.

– Дұрыс айтасың, Оралхан! Әдебиетімізге біраз жақсы қазыналар қосылды. – Бастығымыз отырғандарға шола жанар жүгірткен. – Конкурсқа қатыссаңдаршы. Көремісіңдер, жыл сайын есімдері белгісіз үш-төрт жаңа автор бәйге алып жүр. Жазыңдар сендер де. Газеттің қара жұмысы таусылмайды. Мына Оралханның «Қайдасың, қасқа құлынымы» мен Сейітқазының «Директорлары» бұрнағы жылдары топ жарды. Біздің жігіттер жыл сайын бәйге алса артық емес.

Рас. Сейдаға айтқан екеуі де «Лениншіл жастың» мәртебесін асырған болатын. Өзі тізгінін ұстаған ұжымның ұпайын түгендеп жүретін Сейдахмет ағаның қамшылауы жігіттерге майдай жағатын. Сол жылдары айтулы жабық конкурста Оралхан мен Сейітқазының қатарын Марат Қабанбаев, Жақау Дәуренбеков, Құрманғазы Мұстафин, Әшірбек Көпішев, Несіп Жүнісбаев, т.б. «лениншілжастықтар» толықтырған еді. Қайталап ескертеміз, үлкен ұстаз Бердіқұловтың қанаттандыруы арқасында. Әйтпесе, әр-әр жерде талай басшыны көрдік қой. Өзінің қарамағында істейтін нағыз қабілетті жігіттерді сүріндіріп, тобықтан қаққанын «жыр» ғып айтып жүр. Несін жасырайық, дана халқымыз да «Сыбырлағанды құдай естімей ме?!» дегенді бекер айтпаған. Сейдағанның газетке қатысы жоқ, айдаладағы Қарауылбектің жеңісіне қуанғанын көрсең, шіркін!.. Ондайлар сирек-ау...

Жоғарыда емеурін жасағанымдай, мен Қарауылбек ағаны танымаймын, сөйтсе де оны ежелден жанымда жүрген кейбір жолдас-жоралардан да артық білемін. Қандай қуаныш! Оның азаматтық асыл мінездері туралы өте көп естігенім сонша, қайсысының жүрек лүпіліне құлақ түрерімді білмеймін. Әңгіме орайына қарай, тек екі аяулы жанның лебіздерін қаперлеріңізге сала кеткім келеді. Қарауылбектің мерейтойы қарсаңында 1988 жылы «Жалын» баспасы оның соңында қалған мұраларының біразын жинақтап біріктіріп, «Ақ шуақ» дейтін тамаша кітап шығарды.

Бұл жинақты құрастырып, баспаға дайындаған жазушының жан досы Ерғали Ахметов. Кітапқа алғысөзді белгілі әдебиетші-қаламгер, аудармашы, Қарауылбекпен

етене аралас-құралас болған Әбілмәжін Жұмабаев жазған-ды. Қимас қаламдас інісі жайында ағыл-тегіл тебірене толғаған Әбілмәжін аға халқы сүйген, оқырманы жұрметтеген лирик-жазушының адами қадір-қасиеті мен өлмес шығармаларына жан-жақты тоқталады. Жақсы адамның ізі өшпесе керек. Төмендегі ой үзігі соны аңғартқандай. Қане, Әбекеңді тыңдайықшы.

«Суық хабар беймезгіл атылған мылтық үніндей әрқашанда тосын. Бұл жолы да солай болды. Қарауылбек қаза тауыпты». Құлағың естігенмен, көңілің сенбейді.

Егер ол ауру-сырқау болса бір сәрі. Немесе қартайып, қайғы ойлап, жер шетіне жетіп отырса екен. Жоқ, әлі өмірінің қоңыр күзіне де қадам баса қоймаған. Әлгі халық өлеңінде айтылатын: «Қырықтың беделінде болсаң жігіт, жүрерсің жер-дүниені тауысқандай» дейтін дер шағы...

1984 жылдың жазында, жоғарыдағыдай бір ащы өкініш Қарауылбек Қазиевті білетін дос-жарандары мен жора-жолдастарының талайының көңіліне-ақ оралады. Олар сонда арманда кеткен аяулы досын күрсінісіп еске алысқан. Енді, міне, сол көңіл қимасымыз алдымыздағы «Ақ шуақ» атты кітаптың ішінен тірі күніндегідей жәйімен жыммып шыға келіп, өзінің қоңыр үнімен тіл қатып тұрғандай... Оның қазақ әдебиеті әлемінде жиырма жылдай қалам тартқандағы еңбегі оқырман үлесіне сәтті олжа болып қайта тиіп отыр. Бұлар қандай дүние десеңізші?!

Қарауылбек әдебиетті ар-ұят ісі деп, қатты қастерлейтін тектілер әулетінен еді. Сол себепті де ол қаламынан шыққан әрбір сөзге асқан жауаптылықпен қарайтын. Оның қаламының сараңдығы да, қысқа әңгімелерінің өзін әбден әрлеп, саралап, оқырманын сағынтып барып жариялайтыны да осы сөз қадірін білгендігінде жатса керек. Тірлікте ақырын жүріп анық басуының бір себебі де сонда сияқты. Ендеше барға шүкіршілік. Осынау шағын томды жақсы достың көзі де, өзі де деп кеудемізге басайық...

...Ойлап тұрсам, мен Қарауылбекті алғаш рет алпыс үшінші жылдың көктемінде көріппін. Ол кезде «Жұлдыз» журналы редакциясында жұмыс істейміз. Қызметкерлері негізінен жастар. Содан ба, әйтеуір кеудесінде ұшқыны бар дарынды жастар әдетте осы жалғыз әдеби журнал төңірегінен үйірсектеп шықпайды. Журналдың кезекті бір номері жастар творчествосына арналмақшы болды. Тіпті махаббат, адамгершілік тақырыпта әңгіме жазуға шағын бір бәсеке-бәйге де ұйымдастырылды. Шарты – ең жақсы әңгіме басылады. Кейін редакцияға келіп түскен жақсы әңгіменің авторы жұмсақ қана жыммып тұратын қара торы студент осы Қ.Қазиев болды...

Сонымен арада алты жыл өткеннен кейін, 1969 жылдың жазында біз Қарауылбектің «Ақ бантигімен» қайта кездестік. Енді ол жұмсақ мұқабалы жұқа ғана кітапша еді. Бұл бір таза бұлақ бойына қаулай өсетін балаусадай дүние екен. Жігіттің байқары да, айтары да бар екені осы кітапшасынан көрініп қалған...

Содан кейін тірліктің жол-соқпақтарында Қарауылбекпен талай рет кездесіп қалып жүрдік. «Заман жайлы, адам жайлы» дегендей көп сөйлесіп, сырласқан кездеріміз де болды. Сонда ұдайы бір байқағаным – Қарауылбек көңілінің титімдей де таты жоқ, ақ көңіл, бауырмалдығы еді. Және әманда кісілік парасат биігінен табылып отыратын. Әсіресе жадырай күлімсіреген кездері тіпті сүйкімді болып кетуші еді.

Жетпіс тоғызыншы жылдың жазында Қарауылбек балалары – Ағдан, Димаш, Табиғамен Қырымда, Көктөбелдегі творчество үйінде тынықты. Сол жолы Әбіраш Жәмішев, Сәкен Иманасов – бәріміз көңілді бір топ болып, қызық думанды демалыс өткізгеніміз бар. Бізге сол арадан әлемнің он екі тілінде еркін сөйлейтін дудар басты, атан жілікті украин жазушысы Юрий Покальчук, қара торының әдемісі, сыпайы тәжік ғалымы, химия ғылымдарының докторы Джанон Икрами (жазушы Жалол Икрамидің баласы) келіп қосылды. Екеуі де бала мінезді елгезек те сергек жандар екен. Бір үйдің адамындай тез тіл табысып, араласып кеттік.

Шалқар теңіз, мұнарлы тау, сағымды дала, тамылжыған күн, көңілдес жақсы кісілер – бәрі-бәрі қосыла келіп, әдемі бір атмосфера жасады. Көбінесе бірге жүреміз. Кешке салым ашық кинотеатрдың 14-қатары тұтас біздердікі... Кейін Юрий Покальчук Қазақстанға әлденеше рет келіп, Шымкентте Қарауылбектің қонағы болып, қазақтар туралы тарихи роман, әңгімелер жазды. Республика жас жазушыларының таңдаулы хикаяларын құрастырып, украин тілінде басып шығарды. Осының бәрі Қарауылбектің

кісілігінің, бауырмалдығының арқасы. Ол өзіне ғана емес, еліне де бір аяулы дос тапты. Халық пен халықтың жақындасуының өзі осындай үлкенді-кішілі ізгі істерден құралады-дағы.

Енді бірде ол Ш.Айтматовтың «Жекпе-жегі» кезінде таң қалып, тәнті болып оқығанын айта келіп, сәл кейінірек осы тақырыпқа, орыс жазушылары В.Гончаровтың «Қашқын», В.Распутиннің «Ғұмыр бойы ұмытпасы» шыққанын, осы үш туындының үшеуі де өзіне қатты ұнайтынын қызыға сөз еткен. «Үшеуі үш жақтан, өскен ортасы, көрген-білгені, жазу мәнері әр алуан суреткерлердің бір тақырыпты қалауы, жазуы ғана. Сондағы бәрінің айтары: азаматтық борышын ақтамай, еліне опасыздық жасаған адамның өзі де мерт болады және жақын-жуықтарын да опат етеді. Бірақ үшеуінің даусы үш бөлек, бірін-бірі қайталамайды. Шын шебердің жөні бөлек қой», – дейтін.

Рухани толысқан әр адамның бейнесінен туған жер бейнесі көрінеді. Оның сөзінен, қимыл-әрекетінен өскен ортаның танымал белгілері әрқашан мен мұңдалап қол бұлғайды. «Ұяда не көрсең – ұшқанда соны ілерсің».

Қарауылбектің де тұңғышы іңгәлап жер бетіне түсісімен атамекен жырын айта туды. 1969 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Ақ бантигі» соның айғағы.

«Ақ бантик» жинағына төрт әңгіме енгізілген. Осы хикаялардың бәрі туған жер, өскен ел жайлы, оның өзен-суы, тау-тасы, көктемнің тебіндей өскен көгіндей желкілдеген жеткіншектері жайлы.

«Ақ бантик» алдыңнан ағарып атар таңдай сағынышты арман күткен балғын шақтың бейнесі ғой. Ол – бейкүнә пәктіктің, шынайы тазалықтың, ақ көңіл адалдықтың бейнесі. Қарауылбек алғашқы кітабымен қазақ оқырмандарына үлкен өмір табалдырығынан енді-енді аттағалы тұрған бір топ ақ жұмыртқа-сарыауыз балдырғанды жамыратып қосты да жіберді. Олар әлі де тым жас, тым ұяң еді. Аузын ашса көмейі көрініп тұратын ақ пейіл. Олардың жүрегі әлі де қалам ізі түспеген ақ қағаздай. Тірліктің соқпақ-сүрлеулері әлі мұнда өжімін түсіре қоймаған. «Он сегіз мың ғаламның» күллі қызығы мен қуанышы алдарында.

Ағынан жарылған аға лебізінен талай нәрсені байқадық. Тіпті, Қарауылбектің өз қызына ең алғашқы әңгімесі – «Ақ бантикте» суреттелетін сүйкімді де еркетотай тұлымшағы желбіреген кейіпкері Табиғаның есімін қойғанын аңғардық. Елең етерлік штрих. Жазушының өз шығармасына, өз кейіпкеріне деген мұндай махаббат пен құрметті сирек ұшыратамыз.

Иә, «Ақ бантикте» айқын көрінген өмір, адам мінезі, тағдыр талқысы туралы, тірі табиғат тылсымдарымен ажырағысыз астастыра отырып, тілмен емес, үнемі Жүрекпен сөйлейтін, нағыз живописшінің нәзік қыл қаламымен нақыштайтын көркемдік бейнелеу ерекшеліктері жазушының кейінгі әңгіме-повестерінде кең тыныс, кемел арна тапқанын «Біз абитуриент едік», «Қадиша», «Найзағайлы түн», «Иманжапырақ», «Мәтібұлақ басында» сынды сымбатты да қымбатты туындыларды оқыған жұрт көңіл құштарымен түйсінері хақ. Қарауылбек қаламынан шыққан дүниелердің қай-қайсысынан да лирикалық психологизм арқылы үздіктіріп, дірілдетіп, мөлдіретіп жеткізу, жақсылық әлемімен жарасым тауып жатқан парасат лебі, пәктік сезіліп тұрады. Бұл орайда Толстойдың Чеховты прозадағы Пушкин дегені ойға орала береді. Қазақ қара сөзінде адам жанын, таулар мен дала ажар-келбетін шынайы ақындық шабытпен кестелеген Қазиевтей прозашы некен-саяқ. Сол қасиеттің бәрін ешқандай жалған шалқусыз, жасандылықсыз, өмірдің өзінен туындатқан өрелілігіне тәнті болмау мүмкін емес!

Шынында да туған мектебі мен ыстық ұясынан қашып, айдаладағы жалғыз үйлі аңшы шалға барып паналайтын Қалмаш («Қашқын»), каникулда Назыкенді сағынып, таудағы пішеншілерге жетуге асығатын Әскер («Үркер»), сыныптасы Асылтастың құрмет тақтасындағы суретін ұрлайтын Қайыржан («Бәйшешекті жыл»), оқушы қыздар Гүлзат пен Тұнық екеуіне бірдей ғашық Қайрош («Олар екеу, мен жалғыз»), ақ бантикті Табиғаның қылығына таңдануға тоймайтын Ербол («Ақ бантик»), емтиханнан құлап, Мақпалға ілесіп Ресей аспақ болған Қаржау («Біз абитуриент едік»), қаладан туған ауылына келіп, өткен-кеткенді елжірей есіне түсіретін Қалау («Иманжапырақ») – секілді қилы-қилы образдарды сомдап, кескіндеуде табиғаттың үйлесімділігіне жүгінетін жазушы сұлулыққа тамсанбай, табиғат тылсымын, оның әрбір құбылысын

кейіпкер әлемін жан-жақты ашуға шебер қиюластырады.

Осы ретте «Ақ бантиктің» тұсауын алғаш кесіп, бас қазылық жасаған белгілі ақын Есенбай Дүйсенбаев өз ойын төмендегіше түзеді:

«...Қарауылбек табиғат жыршысы еді. Оның суреткерлік таланты бізді гүл дірілі, бозторғай шырылы, жапырақ уілі, жел жұпары, шалғын әні, ағын сулар, асқар таулар әуені, ақ жауындар әуезі, жазғы найзағайлар жарығы, атқан таңдар мен батқан күндер шұғыласы тербетілген сиқырлы сұлулық әлеміне енгізіп, жан түкпіріңді жаңғырта бастайды. Табиғат пен тағдыр дастанынан өз кеудеңде де көктемгі күн күркірі дауыстағандай болатыны сондықтан шығар. Қарауылбек жырлап өткен қараңғы түндердің өзінен рауан таңға тән раушан нұр себездеп, қоңыр түсті салқын лептен біртүрлі арайлы жылылық есіп, бұлақтардың күрсінісінен күн сәулесі көрініп тұрады. Таулардан еркіндік пен мәңгілік мәрттікті, ақ жаңбырлардан тазалық пен адалдықты көретін сияқты. Бәлкім, соншама ыстық махаббатпен сүйіп, ақындық шапағатпен аялаған таған жерге жылжып келе жатқан экологиялық апат қаупін бүкіл перзенттік болмыс түйсігімен сезді ме екен, әйтеуір, Қарауылбектің қатыгездік пен қаталдыққа жапырақтардың дірілін, торғайлардың шырылын қарсы қойғанына күмәнданбаймыз. «Дүниені сұлулық қана сақтап қалады» деген ой оның суреткерлік мұрат-мүддесінің алтын қазығы іспетті».

Дос пейілі қашанда мөлдір. Қаламгерлер керуеніне өз сән-салтанатымен қосылған Қазиев қазынасы төңірегінде ақын-жүрек төгілте толғанады.

Бүгінде Қарауылбек Қазиевтің шығармалары сыршылдығы, сезімталдығы, шыншылдығы, көркемдігі арқылы барша оқырман жүрегінен өшпестей орын алған. Әсіресе оны қалың қазақтың бұзылмас қаймағы есепті өзі туып өскен Жамбыл облысы мен өмірден өткенше білек сыбана еңбек еткен Оңтүстік Қазақстан облысының жұртшылығы ерекше құрметтейді әрі мақтан тұтады. Қарауылбектің әр он жыл сайын келетін дөңгелек датасын осы екі облыста да ойдағыдай аталып жүр. Туған ауылында мектепке, ал Шымкент қаласында бір көшеге жазушының есімі беріліп, оның шығармашылығы жан-жақты насихатталды. Заман тыныш болып, Жұмыр Жердің жүрегі соғып тұрса жазушының талай мерейтойы тойланады.

Ескеретін бір мәселе, осы маңызды оқиғалар екі облыс үшін ғана емес республикалық деңгейде атап өтуді ойластырған жөн. Тиісті құзырлы орындар, министрлік пен Жазушылар одағы бірігіп ұйымдастырар шаралар, жастардың сүйікті жазушысына көрсетілер құрметтің биігі болар еді.

...Алғашқы көктемгі күн күркіріндей ақ махаббат пен сұлу табиғат жыршысы атанған Қарауылбек шығармалары сезім сырын, гүл дірілін, жап-жасыл шалғын әнін, жазғы жұпар жауын мен найзағай жарқылы әлдилеген ғажайып жаңғыру әлеміне енгізеді.

Иә, жұлдыздай жарқыраған жауһарлардың ғұмыры да ұзақ.

«ЖОҚ, ОЛ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!»

«Отамалы». Бұл – ақтөбелік талантты жазушы Тобық Жармағамбетовтың баспа бетін көрген тұңғыш туындысы. Қалам сілтесіне қарағанда, оның кітапқа шықпаған көркем дүниелері облыстық газетте жариялануы әбден мүмкін. Сөз еткелі отырған «Отамалысын» шатастырмасам мектеп қабырғасында жүргенімде «Жұлдыз» журналынан оқыған сияқтымын. Біледі-ау деген әр-әркімнен сұрастырғанымда көбі екіұшты дүдәмал пікірлерін білдірген. «Газет-журналдардың бірінде жарияланған болуы керек...» Ал, ең ақиқаты бұдан елу жыл бұрын «Таңғы шық» жинағынан оқығам. Балаң шақтағы әсерімді майын тамызып, маңайымдағы сыныптас достарым мен көрші-қолаңның өзіме тетелес қара сирақтарына қос жанарым боталап тұрып шертіп бергенім еміс-еміс есімде...

Содан бері осы аңыз-әңгіменің ұзын-ырғасы қанша мәрте қайталанып айтылды десейші. Оның да себебі бар. Әдеттегі қазақшылық әсірелікке басып мың мәрте, жүз мәрте демей-ақ қояйын, әйтеуір жыл сайын көктемнің соңына таман сүр қар сұйылып, жер жалаңаштана айналып соғар алай-дүлей ызғарлы боран кезінде еске түсіретінім анық. Өйткені, табиғат-құдірет ешқашан қателеспейді, өз амал-әрекетінен

жаңылмайды да. Табан астынан, тұтқиылдан төнген сынақ сағатының салмағы мен сабағын өлшеп-екшеу мүмкін де емес.

Ғажобы сол, осынау сұрапыл сәттің суретін сиқыр сөзбен сызған Тобықтың әңгімесін бейжай оқи алмайсың. Үскірік аяз бен жылымық көктемнің текетіресі мифтік сарында эпикалық тыныспен аса шебер өрілген. Шамырқана шиыршық ата басталған хикая бірден баурап ала жөнеледі. Әлқиссасына үңілген мезетте-ақ оқиға ішіне сүңгіп кеткеніңді аңғармайсың, аза бойың тітіреп, сай сүйегің сырқырайды. «... Қаптай жауған қар қиыршықтарының әрқайсысында осы аңыздың мұз боп қатқан түйіршіктері ұшып жүреді. Сол кезде аңыздың әлсіреп жеткен зар-шері кең даланы көктемгі тұмандай бүркеп кетеді. Бұл мұң біресе жазыққа жайылып, біресе бұлтқа сіңеді. Биік құздың басынан жел болып құлап, сай-салаға тығылады. Өзен бетінде шыны толқын болып ойнайды. Жер үсті, аспан асты жүрек зарына толып, төбелердің баурайын қайғы шарбысы қорғап алады».

Аңыздан арна тартқан шып-шымыр әңгіменің көтерген жүгі зілмауыр. Желмен бірге жеткен шер құлазыған қазақ даласының тарих қатпарларына айналған көне кескінін көзіңе көлбедетеді. «Әр төбенің баурайында тілін жалаңдатып жұт жортады. Әр төбенің ар жағынан суырылып шығып, боран ышқынатын. Әр төбенің астында қасқыр жататын. Сол көп төбелердің бірінің баурайында Отамалы деген қойшы өмір сүрген екен».

Мінеки, трагедиялы әңгіменің бас геройы – осы Отамалы қойшы. Бүкіл ғұмырын байдың есігінде, қойдың соңында өткізген талайсыз жанның аянышты халін өзек еткен шағын шығарманың мегзер ойы тұңғыық. Жалғыздық – Отамалыға тағдыр теліген сый. Қаршадайынан ата-анасынан айырылып, тұлдыр күн кешкен оның өксікті өмірі тауқыметке толы еді. Туыс-бауырды көрмеді, жақын-жуықтың жылы алақанын сезбеді, жар құшып, бала сүймеді. Баспанасы бай үйінің іргесіндегі шошайған жыртқық лашық. Онда үш сирақты ошақтан басқа іліп алар ештеңе де жоқ. Оны мүсіркейтін, оны түсінетін тек қос мақұлық – қасындағы иті мен көктегі қарлығаш қана. Суық түсе қимай-қимай қоштасқан қарлығашы өзирге көрінбейді. Сыңар серігі екеуі ұзақ қысты өне-міне шығарып салмақ. Тақия төбелердің, жолбарыс жонды жоталардың жалаңаштанып, тіпті күнгей беттерінің көгеріңкі рең ала бастағаны байқалады. Сәл шыдаса, тәйірі немене бес күн де өте шығар. Бел босап, аяқ ұзарар күн таяу. Өмір өткелектерінің өткір өтінде шыңдалған Отамалы қойшы бәрін-бәрін аңғарады. Көмпіс те, байсал. Жаратқанның пешенесіне жазғанына мойынұсынса да, тіршіліктің қасіретті қамытын мойындамайды. Арыстан жалды асау ағысқа қарсы жүреді-ау әрдайым. Оның үстіне көкірегі сара қуаяқ жетімек табиғат тілін жетік меңгеріп, көңіл сарайына құйып алған. Оның жиған-терген тәжірибесі бір басына жететіндей-ақ. Өмірдің ауыр азабы мен даланың ащы сабағы үйреткен ғой. Қазір де ымырт үйіріле қолына таяғын ұстап шошаласынан шыққан Отамалының жүрегі әлденеден секем алғандай, басын шайқады. Расымен табиғат тамыршысы алапат бір сұмдықтың көз жетпес қияннан мысықтабандап келе жатқанын сезген-ді. «Күн шапыраштанып, қып-қызыл боп батып бара жатыр екен. Ол көзін қысыңқырап, күнге біраз қарады. Ішінен бірдеңелерді айтып күбірледі. Басын шайқады. Қырағы, әлі оты сөнбеген көздерін аспанға аударып, оған да барлай қараған болды. Алыстағы жардың басында бір топ қарға шуласып жүр. Отамалы басын тағы шайқады...»

Иә, ежелден айтылар жоралғы бар. «Кешке қарай қарғалар ұясына кірмей, ұзақ ұшты... Ертең күн суық болады, бүгін түн суық болады». Отамалы осы түнде қой жаюдан біраз қашақтап көріп еді. Бірақ, оны түсінетін, оның сөзіне құлақ асатын бұл жалғанда тірі пенде табылмады. Өкініштің уын жаламас үшін кәнігі малшы өз ойын төңірегіндегі байдың жандайшап қожайынсымақтарына да ескертеді. Амал нешік, миғұла месқарын көрсоқырлық танытады. Кешкі құбылыстың сүрепетін, күн райының қабағын жыға ажыратар білігі жоқ желжуан қолын сілтейді. «Ұнамайдысы не? Құр сандырақ. Қайдағы боран? Қар кетіп, көктем келді емес пе?!» Отамалы түңілмеді. Байдың қаһарынан ықпай, тура өзімен тілдесуді жөн санады. Алайда, әлгінде ғана жылтыраған үміт сәулесі дір-дір еткен күйі жалп етіп өшкен. Танауының астынан арғыны көрмейтін бай мен қойшы арасындағы әңгімені жазушы Жармағамбетов шымыр диалогтармен шебер өрнектейді. Жеңіл қағытпа сауал-жауаптасулардан характерлер шарпысуын айқын

көреміз. Кәнеки, текетірес эпизодқа зер салайықшы:

«Қара мұртты шұбатын ішіп болды. Зереңді кішірек қызына ұстатты да, біраз уақып мұртын сүртіп отырды. Содан кейін көзін ашыңқырап, Отамалыға қарады:

– Отамалы намаздыгерде келмейтін!..

– Я, байеке, Отамалы намаздыгерде келіп отыр, – деді сөзін бөліп-бөліп салмақтап айтты.

– Отамалы намаздыгерде етігін жамайтын, я қойын қайыратын. Қойларын түнгі өріске алып шығуға дайындалатын.

– Дұрыс, байеке. Бірақ бүгін Отамалы етігін жамаған жоқ. Бүгін кешке қарай қарға ұясына кірмей, қиналып біраз ұшты... Отамалыға киім керек. Ертең күн суық болады... Бүгін түн суық болады...

– Оны Отамалыға кім айтты?

– Оны Отамалыға батып бара жатқан күн айтты.

– Күн батып кетті ме?

– Күн батты.

– Ендеше Отамалы мазасызданбасын. Күн айтты да кетті, ал Отамалы қойын өріске айдап шығуы керек.

– Отамалының үйінде ештеңе жоқ. Отамалыға қалың тон керек.

– Отамалыға көктем берілді.

– Отамалыға тымақ керек.

– Отамалыға жылы түн берілді.

– Отамалыға жақсы ат керек.

– Отамалыға екі аяқ, бір таяқ берілді.

Отамалы түнеріп қалды. Көпке дейін үндеген жоқ. Қастары көзін жауып отыр. Ақырында еріндерін ашып, қою дауыспен:

– Отамалы қойларды өріске шығармайды. Күн суық болады. Түн суық болады. Қойлар ығып кетеді. Отамалы қойларды өріске шығармайды, – деді.

Байдың көзі шапыраштанып кетті.

– Қазірден бастап Отамалы қойға кетеді! – деп ақырды.

Отамалы үндеген жоқ. Баяғы міз бақпас күйі. Бірақ бұл жолы байға қарап қалыпты. Түйіліңкірей қарағандай. Аспанда жүрген бүркіттің төмендегі жәндіктерді байыппен шолатынындай көзқарас. Біраз отырыстан кейін жаймен ғана:

– О, Жапан, мен айтып болдым, – деді. Осы кезде ұршығын тоқтатып қойып, манадан әңгімеге құлақ түріп отырған байдың әйелі шап ете түсті.

– Ендеше жазығың да болды. Айтты ғой саған. Немене, тісіңді тіреу, жағыңды сүйеу қылып.

Отамалы әйел жаққа қараған жоқ. Тек Жапан байға қадалып қалыпты. Жапан әйеліне бірдеме дер ме екен деп күтіп еді, бірақ ол әйелін қоштағандай үндемей қалды.

Сосын Отамалы жайлап түрегелді де, бұрылып шығып кетті. Есіктің алдында иті әлі тұр екен. Ол күннің батып кеткен орнына қарап тұр. Иесін көріп, құйрығын бұлғандатты.

Дала қараңғыланып қалыпты. Темірқазық, Жетіқарақшылар көріне бастаған. Олар бір жанып, бір сөніп, селкілдеп тұр. Ауа салқын. Жер беті сәл тоңазып, кілегейлене қататын түрі бар.

Отамалы үшінші рет басын шайқады...»

Күштінің аты – күшті. «Әй қайдағы мықтылық. Таза мәңгүрттік та. Әйтпесе, өз малы – өз байлығы емес пе?! Айдың-күннің аманында тажал аузына тығылмас еді. Мейлі. Басқа түскенді көрермін». Отамалы байғұс ескертпесін жұқалап та, жұмбақтап та жеткізген. Елп етпеді ғой ешқайсысы да. Ең өкініштісі құлаққа ілмегені. Дәрменсіз, түңілген Отамалы бай үйінен мойны салбырап шықты. Еңсесін тіктей алмаған қалпы әлгінде күн ұясына жасырынған көкжиекке соңғы рет жанар жүгірте, бұлтсыз аспанды шола барлаған.

Деруу құлазыған лашығына бас сұғып, қаңырап тұрған ошағымен іштей қоштасты. Бөгелместен кері оралған бойда күндегіше бір қора қойын алдына салып, түнгі өріске бет алды. Желдеп жайылған қой-ешкі көрінер-көрінбес көкті бытырлата үзіп,

ашқарақтана ілгері ұмтылады. Әдеттегідей емес, денесі әп-сәтте мұздап қоя берген. Жұқалтаң көнетоз шапанының өңірін қапсыра орай бүркеген болды. Маңдай тұстан соққан ызғырық жел суаңдап, етек-жеңінен бірдей кіріп, тұла бойын тінтікелей бастады. Табанынан да сыз білініп, басындағы жылусыз құлақшынын милықтата қымтанған-ды. Әншейінде селк етпейтін Отамалының жүрегі де аспандағы дір-дір еткен жұлдыздардай, біртүрлі үрейлене, үркектей соғатын секілді. Жалма-жан күш-қуатын шақырып, маңайына сергек назар аударды. Қарлы құйын ақтүтекке ұласқандай. Найза қиыршық жер-дүниені бүркеп, іркес-тіркес төбелерді танымастай қымтап, сай-саланы қуалап жүр. Қылтанақтай бұта біткенді жұлмалап ызылдаған, ысқырған әлем-тапырық аласапыранмен жалғыз өзі алысып Отамалы келеді. Кірелі-шығасы есі бар ол отарынан көз жазып қалғысы жоқ. Үскірік боранмен жағаласып күнімен ықты, түнімен ықты. Ішін аяз қарып, аштық бүріп барады. Бірақ ащы өмір тұздығымен суарылған көнтері адам әлі келеді сүйретіліп. Қарлы қалың боран көз аштырар емес. Нешінші тәулік ығып келе жатыр? Анық бажайлай алмайтын тәрізді. Алдындағы жыланша ирелендеген қара-құраңнан біраз жайды ұққандай. Отары тоз-тоз болып шашылып қалғанға ұқсайды. Кеше ме, әлде алдыңғы күні ме, қойдың бетін ауылға бұрғаны?! Сонда бұ қалай? Ендігі ауылға жетіп жығылса керек еді? Мүмкін емес. Ә, сонда...

Отамалы еңіреп жылап жіберді. Айғайлаған үнін естірткісі келмеген шыны боран бір уыс қарды оның бет-аузына тығындай түсті. «Алла бейшарам-ай! Сорлым-ау! Жарықтығым-ау, енді не істейін...» Ағыл-тегіл көз жасы іле-шала үсіген бетінде қатып жатыр. Даусы да құмығып шығады. Жанарының алдына қою қара мұртын алтын зереңге батырып, шұбат ішіп отырған Жапан байдың сұлбасы көлбеңдеп тұра қалған. «Ашқарақ жауыз! Қарғыс атқыр!»

Көңілге үміт сәулесін сыздықтатқан ұлпа мамық қар қойлардың жүрісін қиындатқан. Қатты аяз қайта тұрса, омбылаған қалыптарында серейіп-серейіп қатып қалары сөзсіз. Үсті-басына, құйрығына мұз моншақтарын қадап алған жалғыз серігі – иті де әбден қалжыраған. Иесінің қас-қабағын аңдап, мұңайысты қиңсылайды. «Енді не істейміз?» Қайтадан түн пердесін түсірді. Бұйрат төбелердің бозғылт бояуларын қараңғылық демде жұтып жібергендей. Ақ түтек қайтадан ішін тартып ызылдай бастаған. Қойлар да, ит те, боран да суық қараңғы түннің құшағына сіңіп кетті. Таяқ тастам жерді көре алмай қиналған Отамалының есіне бай мен оның әйелі, қыздары ауық-ауық оралады. Бейқам-ау, бейқам. Селк етпейтін сияқты. Көмек қолын созатын түрі жоқ. Бойындағы соңғы қайратын қайрап, жалынын қайта жаныған. Қойлар түнімен ықты. Боран ертеңіне ұзақ күнге толастамады. Сақал-мұртын мұз басқан Отамалы да долы дүлеймен кешке дейін арпалысып, қойлармен бірге ықты. Тұла бойын үсік шалып, өңменінен өткен өкпек жел әбден әлсіретіп, қатты қалжыратқан. Енді кішкене шыдаса, боран ашылмас па екен, көкек айында қар ұзақ жатқанда, ақирек ентігін баспай, осылайша тоқтамай соққанды кім көрген?!

Бірақ тағдыр не деген қатал. Бұған хас таланттың оқиға шарықтауын суреттейтін тұсы көзінді жеткізе түседі. Төмендегі көріністі толқымай оқу мүмкін емес.

Отамалы түршігіп кетті.

«О, аспан! О, көк! Тәңірі!»

Желдің өтінде екі қолын қанатша жайып жіберіп теңселіп тұрып қалды. Көзі бұлдырап, ақ бораннан бөтен ештеңені көрмей кетті. Тағы қарады. Қойлар жаппай тоқтап, қарға ұйлығыса құлап жатыр.

Отамалының есі тағы ауып кеткендей. Еріні кемсеңдеп, ақ қарға көз жастары үзіліп түсті. Кенет құшақтап тұрған қозысы сусып қарға құлады. Отамалы да жерге ұшып түсті. Тез арада-ақ қозыны қардан суырып алғысы келді. Бірақ, үсіген қолдары қозыны дұрыстап ұстай алмады. Саулық маңырап, жаны шығып барады. Қозы бір-екі рет тұншыға маңырады да, үні өшіп қалды.

Отамалының демі тарылып, көмейіне суық толып кетті. Шапанын сыпырған болып, қолы жеткен жерді жапқыштап жүр.

Боран ызалы иттей ырылдап тұр. Отамалы бешпетшең. Арқасынан жел өтіп барады. Қолдары икемге келуден кеткен.

Кенет ол артына бұрылды. Қатып жатқан қозылар. Маңырап, жаны шыға қиналған

өлсіз саулықтар. Көбі шоңқиып-шоңқиып отыр. Қаншасы туа алмай қиналып жатқанын санап тауысу мүмкін емес. Боранның улы тілі бәрінің де маңайын жалап-жұқтап, зырғып жүр. Ол аяқтарын сүйретіп, бір саулыққа келді. Саулықтың көзіне де жас қатып қалыпты. Өлген мұз қозысын жалап, қақсап тұр. Отамалының жүрегі қарс айрылды. Жүгірген болып, ана саулыққа бір, мына саулыққа бір барды. Қозылар дүниеге келе сала қатып жатыр. Боран мен аяз жап-жас өмірлерді үзіп, топ үстінде ойнақтап, секіріп жүр».

Бетпе-бет келген өлімге қасқайып қарсы тұрған Отамалы мейірімсіз тағдырмен аянбай арпалысуда. Өмірінің ақтық сәтінде де арын сатпай күреседі, адамдық һәм пенделік қажырлы қайратын көрсетеді. «Қайдасың тас жүрек! Буындырайын! Тоқтаңдар, иттер, тоқтаңдар!». Үскірік желге құшағын жайып сұлап түседі.

Соңғы демі таусыларда «Тоқтаңдар, иттер!» деп ысқына айғайлап құлап түскенде, бес күн бойы бой бермей соққан ақтүтек боранның да омыртқасы сықыр-сықыр етіп үзіліпті-міс... Ысқырған желдің де аузына құм құйылып, тұншығып өліпті. Күннің көзі жадырап ашылып, қалың қар сел боп еріп кетіпті. Жетіқарақшы мен Темірқазық орындарына қайта келіп, селкілдемей бекем тұрыпты. Қойлар мен қозылар қызғалдақты баурайда мәңгі-бақи жайылып жүр деседі...

Ал бес күн соққан боранды халық «Отамалы», «Бес қонақ», «Құралай» атап кетіпті. Жыл сайын дәл осы уақытта бір соғып тұрады екен...

Жазушы Тобық Жармағамбетов ел ішіндегі аңызды арқау еткен қасіретке толы баянын серіппеше тартылған оқиғалар желісі арқылы ұтқыр өреді. Шойындай шымыр шығарманың әсері терең тебіреніске түсіріп қана қоймай, тікелей оқиғаның ішіне батырып жібереді. Тіпті кейіпкердің жанында жүргендей, ет жүрегің елжіреп, онымен бірге қиналып, онымен бірге күйзелесің-ау. Өңгіменің соңғы парағын жапқанда қос жанарың боталап, жан-дүниенің құлазып, жүрегіңе жақын жайсаң жанды жоғалтып алғандай күй кешесің. Міне, жазушы шеберлігі – бұл. Қалам қуатының күштілігі – бұл.

«Отамалы» – повеске бергісіз әдемі әңгіме. Қазақ әдебиетіне қосылған кесек олжадай көрінген тұңғыш туындысында бірден кең тынысын байқатқан қаламгердің өзіндік қолтаңбасы атойлап-ақ тұр. Кейіпкерлер мүсінін кейіптеу, образдың ішкі әлемін ашудағы тебіреністі де, тегеурінді монологтар, адам мен табиғаттың шайқасын бейнелеудегі психологиялық ой-иірімдер, жан күйзелісін кескіндеудегі сөз бояуы мен реңкі көңіл тойдырып, көз қуантады.

Белгілі сыншы Зейнолла Серікқалиев «Отамалы» әңгімесін аса жоғары бағалап, қордалы ойын төмендегіше түйеді.

«Халық трагедиясы – халық творчествосының мотиві, аңыз мотиві жалаң қайталанып қана қойған жоқ, бүкіл бір дәуірдің бетпақ жүзін бір аударып тастаған, адамгершілік атынан ауыр үкім оқыған телегей-теңіз сырға айналып кетті. Кең әлем көпсінген, кең әлемге сыймаған жұдырықтай өмір, мұңға батып буланған көз жасы, қарс айрылған көңіл, түтеп, жарылып кетейін деп тұрған ашу, кек, ыза, арпалыс, адам рухының ұлы жеңісі – бір әңгіменің бойында қаншама дару. Бұл шығарма тұнып тұрған ой, образ».

Иә, бұл әңгіме не үшін керек? Бұл әңгіме ата-бабалардың өткен өлмеші өмірін, ауыр азалы тіршілігін танып, түсіну үшін керек.

Бұл әңгіме уақыт үнімен сарындас. Бүгінгі бостан да, азат ойдың биігінен зерделесек те, өз мәнін еш жоймайтынын айқын сезінеміз. Қазіргі бақытты өмірді бағалау үшін де осындай ғұмырлы туындылар қажет-ақ!

Кезінде өз бет-бейнесін қалам қарымымен айшықтаған тума дарын иесі Тобық Жармағамбетов өнернамасы хақында көрнекті әдебиетші-ғалымдар, ақын-жазушылар мен замандастары жылы лебіздерін білдіргені мәлім. Талантты сыншы Сағат Әшімбаев 1982 жылы «Әдебиет мүддесіне адалдық» атты мақаласында жүрек сөзін еш бүкпесіз жеткізеді. Өмірден ерте кеткен сүйікті қаламгерін аңсаған әдебиет тамыршысының ащы да астарлы пікірін бірге оқиықшы. Көрегендік ой ескірмейді.

«Біздің әдебиетімізде елесіз-ескерусіз жатқан, ләм-мим сөз болмаған роман, повесть, әңгіме, поэма, өлеңдер қаншама?! Күні кеше арамыздан кеткен талантты жазушылар Ақан Нұрманов пен Тобық Жармағамбетовтың қалдырған мұнтаздай таза

мұрасы туралы жазылған көлемді, көрнекті мақаланы кім оқыды екен? Біз көбінде жас болса ол туралы кейін жазылады ғой деп алдарқатып қоямыз, ал жасамыстардың да жазылып қарық боп жүргені шамалы... Жалпы алғанда жазушыны насихаттаудағы жасына, шашына қарау сықылды күні өткен консерватизмнен әлі де арыла алмай келеміз».

Сондай-ақ, Тахауи Ахтанов, Қалихан Ысқақов, Мұхтар Мағауин, Мағзом Сүндетов, Төкен Әбдірахманов, Қажығали Мұханбетқалиев, Айгүл Кемелбаева, т.б. тәрізді сөз киесін қастерлеген қаламгерлердің ой-пікірлерін мерзімдік баспасөз беттерінен талай мәрте оқыдық та.

Жақсы жазушы атанған Тобық ағаны өз басым танымаймын. Бірде-бір рет көріп, жүздесудің сәті түспепті. Шалғайда жүргендіктен шығар. Қазақстан Жазушылар одағы шығарған анықтамалықта да өмірден қырық жасында өткен суреткер жайында өте сараң жазылыпты. Үстіміздегі жылқы жылы сексеннің сеңгіріне толады. 2014 жылқы жылы сексеннің сеңгіріне шығар еді. ҚазМУ-дің филфағын бітіргеннен соң туып-өскен елінде мұғалім болыпты. Облыстық телевизия мен Ақтөбе облыстық газетінде жауапты қызметтер атқарған. Көзі тірісінде «Нәзік бұлттар», «Екі жүрек», «Сентябрь түні», «Соңғы хат» кітаптары жарық көріпті. Ал 1984 жылы «Жазушы» баспасы елу жылдық мерейтойына орайластырып повестер мен әңгімелерін «Ақ жауын» деген атпен шығарды.

Көркем әдебиеттегі дара сүрлеу-соқпағын әуелден-ақ құрметтейтін Зейнолла Серікқалиев қазақ прозасының қазыналарын басып шығаратын төл жобасы «Раритет» баспасынан толғаныс-толғамы күйлі-мұңды прозашының «Отамалы» жинағын ұсынғаны оқырман қауымға белгілі.

* * *

... Қадірлі оқырман, тақырып аясында өзім естіген мына бір жайды айта кеткім келеді. Әңгімеміздің тұздығына жарап қалар. Әлі есімде. 2009 жылдың қоңыр күзі еді. Ару Алматының мүлгіп тұрған шағы. Нағыз мизамшуақ. Жыл құсындай он екі айда бір айналып келер еңбек демалысын тиімді өткізуді ойлайсың ғой. Әдеттегідей екі аптаңда курортта «жөңделіп» алып, қалған күндеріңді туған-туыстарың мен дос-жарандарыңа арнайсың. Аман-саулығын біліп, сәлем беріп дегендей. Мәңгі ұмытылмас жастық дәуреніңнің куәсі болған гүл-қала, арман-қала Алматының әр бұрышы, әр ғимараты көзге ыстық. Сондай жүрекке жақын ұялардың бірі – Абай мен Гагарин даңғылдарының қиылысында бой көтерген Баспалар үйі. Қазақ қаламгерлерінің құттыханасы. Мен үшін әуелден киелі де, қасиетті саналатын Қазақстан Жазушылар одағының шаңырағынан кейінгі қастерлі мекен – түрлі баспалар орналасқан алты қабатты ғимарат.

Қазақ әдебиетінің алыптары Мұхтар Әуезов пен Ғабит Мүсірепов бастаған марқасқалар тобына ілескен классиктер мен сөз зергерлерінің дені осында еңбек етті. Қаламгерлердің талай буыны алмасып тер төгуде. Қазақ ақын-жазушыларының кітаптары, білім ордаларының оқулықтары тура осы жерде жазылып қалың оқырманға жол тартуда. Біз егжей-тегжейлі әңгіме тиегі етіп отырған жазушы Тобық Жармағамбетов повестері мен әңгімелері де дәл осында әзірленіп, кітап боп басуға жіберілетін. Бұл жолы да жақсылықтың үстінен түскенбіз. «Қайнар» баспасының директоры, белгілі қаламгер Оразбек Сәрсенбаев ағаға, «Ана тілінің» тізгінін ұстап отырған Жақау досқа (Дәуренбеков) кіріп шықтық. Мәре-сәреміз. «Жазушы» баспасының бас редакторы Дүйсенбайұлы Есенбай ағаға арнайы жолығып, сәлем берген едік.

– Аман-есенсіңдер ме? Халдерің қалай? – Салмақты қалпынан жазбайтын Есаға бар ынты-шынтымен жөн сұраған. – Газеттеріңді оқып тұрамын. Бәрі жақсы ғой. Бірақ, өлеңді өте аз басасыңдар. Поэзияға орынды көбірек берген дұрыс. Ақынжанды қазаққа өлеңдер артық етпейді.

– Пікіріңіздің жаны бар. Жұрттың дені біздің «Егеменнен» әдеби дүниелерді молынан күтетін секілді.

– Міне, мен соны айтып отырмын емес пе, – деді де Есенбай аға алдында жатқан үш-төрт кітапты маған ұстатқан. Артынша жымыып күлді. – Түнеугүні маған Мұхтар

Мағауин звондады.

– Прагадан ба? – дедім шыдамсыздана килігіп.

– Жо-ғ-а, – деді ақын аға қатты таңырқай. – Осы жерден, өзіміздің Алматының аэропортынан. Сенерімді де, сенбесімді де білмедім. «Жаңа ғана Чехиядан жеттім. Алмания арқылы ұшқанбыз. Әбден қалжырап тұрмын. Мұнда көп кідірмейміз. Ертең елге, Баршатасқа тартамыз. Қайтарда асықпай, жата-жастана шер тарқатамыз ғой. Есенбай, менің саған айтайын деген тығыз шаруам бар. Соны жылдамдатып қолға алшы. Біз Тобықты есімізден шығарған сықылдымыз. Биыл оның жетпіс бес жылдығы. Әзірге ешқайсымыз үндемейміз. Тездетіп өзің әдемі бір еске алу жазшы. Шіркін, өзім-ақ қағып тастар едім, бірақ уақытым жоқ. Өзің біліп тұрсың... Созылып кетеді ғой... Үш-төрт күн жатпай-тұрмай бірдеңе қылғайсың. Бая-ғы-да «Сентябрь түнін» бүкіл жатақхана кезекке тұрып оқығанымыз қайда?.. Соны шынымен-ақ ұмыттық па? Ө?.. Жоқ!.. Тобық ұмытылмайтын жазушы!»

– Расында қызық екен. Бір жағынан Мұханның азаматтығы...

– Сөйтіп Жанатжан, сенің Мұхтар ағаң маған үлкен жұмыс тапсырып кетті. Жалпы, өзің Мағауин туралы жақсы жазып жүрсің. «Егемендегі» материалың ұнады. Сонымен Тобық жерлесім жайлы эссе жазбақып. Мұхтар досымның сөзі біраз ой салды маған... Қазақтың ғажап жазушысы хақындағы жүрекжарды лебізі көкейімнен кетпейді-ау, кетпейді. «Жоқ, ол ұмытылмайды!» Мен де естелік-эссемді тура осылай атайтын шығармын... Бұдан артық тақырып таппаймыз.

Өлгінде ғана қолыма ұстатқан кітаптарды аударып-төңкеріп қызыға қарағаным есте. Бәрі де әр жылдары жарық көрген Тобық Жармағамбетовтың кітаптары. Кейбірінде жазушының сыйға тартқан қолтаңбалары жазылыпты. Почеркі оқушы баланың жазуындай көркем көрінген. Толық мәтіні ойымда қалмапты. Көшіріп алуды ескермеппін. О кезде Тобық аға автографының қажет боларын білді дейсіз бе?! Орайлы тұста жадыдағы көріністі жаңғыртып жатқаным да. Есенбай ағаның бірде жазушы Тобық Жармағамбетовке қатысты жоғарыдағы Мағауиннің айтқандарын Қазақ радиосынан сыр ғып шерткенін де естігеніміз бар. Қаз-қалпында. Содан бері де төрт-бес жыл зулапты. Өмір-жалған соңына қарайлаушы ма еді? Таңдайында жырдың ұясы бар қазақтың Есенбай ақыны да мынау ғапыл-дүниеден озған. Бірер жылдың бедері... Жаныңыз жәннатта болғай, жайсаң аға!

Өлең сүйер еліңіз бар да Сіздің де есіміңіз өшпейді.

Тағы бір елең еткізер дерекке зер салыңызшы. Бұған дейін мән бермегенім рас. Қаламгерлер Тобық пен Есенбай бір топырақта туып-өсіпті. Ақтөбе облысының Байғанин ауданында.

Миымда Мағауин сөзі жаңғырады:

– Жоқ, ол ұмытылмайды!

